



КЕЛЕШЕКТЕ

Қашаған кенішінде игеру ілгерілеуімен және қызмет сипатындағы өзгерістердің орын алуымен тиісінше біздің келеңсіз уақиғаларды жоюға қатысты дайындықты қамтамасыз етудегі жоспарларымыз бен мүмкіндіктеріміз де икемделіп, өзгеріп отырады. Бұл мақсатта Консорциум қазіргі таңда Қашаған кен орнындағы мұнайды өндіру кезеңі үшін мұнай төгілімдерін жоюдың қосымша қуаттылықтарын әзірлеу үстінде.

«ТеңізСервис» компаниясы Атырау облысында мұнайдың апаттық төгілімдерін жоюға арналған базаны құрып, оны басқару үшін оны өз қызметтерін ұсынды. Консорциум НКПОК Агент компаниясы арқылы бұл нысанның бір бөлігін жалға алып, оны оқыту, сақтау, техникалық қызмет көрсету мен мұнай төгілімдерін жоюға арналған жабдықтарды іске жұмылдыру үшін, сонымен бірге таяз суда және Солтүстік Каспий жағасындағы қамыс тоғай шарттарында жұмыс істеуге лайықталған теңіз кемелері үшін пайдалануды көздейді.



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ МҰНАЙ-ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІ ӨКІЛДЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ (IPRECA) БЕРГЕН МҰНАЙ ТӨГІЛІМДЕРІНІҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІНІҢ АНЫҚТАМАСЫ КЕЛЕСІДЕЙ:

- **1-ДЕҢГЕЙ:** Оператор компанияның нысандары орналасқан аймақта компания қызметі салдарынан болуы ықтимал өндірістік сипаттағы мұнай төгілімдері. Әдетте, бұл деңгейдегі мұнай төгілімдерін жою үшін компанияның өзі қажетті барлық ресурстарды қамтамасыз етеді.
- **2-ДЕҢГЕЙ:** компания нысандарының маңында орын алатын көлемділеу мұнай төгілімі. Бұл теңгейлі төгілімді жою үшін компания өзге компаниялардың, өнеркәсіптердің және, мүмкін болса, мемлекеттік ведомстволардың ресурстарын өзара көмек көрсету негізінде жұмылдыра алады.
- **3-ДЕҢГЕЙ:** кең көлемді мұнай төгілімдері, бұлар орын алған жағдайда тиісті түрде әрекет ету мақсатында анағұрлым ресурстар қажет болады. Сонымен бірге, ұлттық және халықаралық арнайы ұйымдардың көмегін қажет етуі мүмкін ірі төгілім.



МҰНАЙ ТӨГІЛІМДЕРІН ЖОЮҒА ДАЙЫНДЫҚ

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.» («НКОК») компаниясы, Агент компаниялар және Солтүстік Каспий бойынша Өнім бөлісу туралы келісім (СКӨБК) шеңберіндегі Консорциум мүшелері қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техниканың жоғары стандарттарына сәйкес жобаланған әлемдік деңгейдегі жобаны жүзеге асырып келеді.



- «АДЖИП ҚКО» АПАТТАРДЫ ЖОЮ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІМЕН БІРЛЕСЕ ӨТЕТІН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ МҰНАЙ ТӨГІЛІМДЕРІН ЖОЮҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР БАРЫСЫНДА ЖОҒАРЫ БАҒАҒА ИЕ БОЛДЫ.
- КОНСОРЦИУМ ҚАШАҒАН, ҚАЛАМҚАС, ОҢТҮСТІК-БАТЫС ҚАШАҒАН, АҚТОТЫ ЖӘНЕ ҚАЙРАҢ КЕН ОРЫНДАРЫНДА БІРҚАТАР ҰҒЫМАНЫ ҚАУІПСІЗ БҰРҒЫЛАУДЫ СӘТТИ АЯҚТАП ШЫҚТЫ.

АПАТТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Апаттардың алдын алу жобалау, құрылыс, бұрғылау, іске қосу және жобаның өндірістік кезеңіндегі жұмыстың ең маңызды құрамдасы болып табылады.

Біз ұстанған басты басымдық – нысандарды сапалы әрі сенімді жобалау арқылы адамдардың қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау. Барлық жұмыс тәртіптері Қазақстан Республикасы заңнамасына, мұнай кеніштерін пайдаланудың әлемдік озық үлгілеріне сәйкес, сонымен бірге Солтүстік Каспийге тән бұрғылау және өндірістік шарттарға лайықталған. Аталмыш жұмыс тәртіптері Қазақстан Республикасының тиісті құзырлы органдары тарапынан сарапталып, мақұлданған.

Бұл ретте біздің Консорциум мұнай мен газды игеру мен өндіруге байланысты тәуекелдерді жете ұғынып, өндірістегі апаттық жағдайларды шапшаң әрі тиімді түрде жоюға дайын әрі қарымы жетеді. Консорциум шеңберінде мұнай төгілімдерін жоюға мақсатталған, барлық қажетті техникалық құралдармен жабдықталған және оқытудан өткен қызметкерлерден тұратын арнайы құрылым бар. Олар теңіз нысандарында, сонымен бірге Баутин мен Атырауда шоғырланған.

АҒЫМДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДА ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

НКОК және Агент компанияларда атқарылып жатқан жұмыстардың қауіпсіздігі және олардың қоршаған ортаға әсерінің тәуекелдерін бағалауға мақсатталған әрқилы кешенді бағдарламалар бар. Бұл мақсатта қажетті жұмыс тәртіптері, стандарттар, оқыту бағдарламалары, жабдыққа қатысты нормативтер, соның ішінде мониторинг пен техникалық қызмет көрсетуді іске асыру ережелері бар, олар ұдайы ұшталып отыруды қамтамасыз етеді. Өндірістік нысандарды құрлық пен теңізде жобалау қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мұнай төгілімінің тәуекелін бағалау, олардың алдын алу мен оларды жоюды қамтиды.

Компания мерзімді түрде барлық учаскелердегі тәуекелдерді қайта бағалаудан өткізіп тұрады. Бұл үдерістің аясында әлеуетті тәуекелдер анықталып, жұмыс басталғанға дейін олардың кері ықпалын кеміту мақсатында шаралар қолға алынады. Мұнай төгілімдерін жою бойынша оқытудан өткен мамандар учаскелерді ұдайы бағалап отырады.



МҰНАЙ ТӨГІЛІМДЕРІН ЖОЮ

Мұнай төгілімдерін жоюға дайындықты қамтамасыз ету жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының төгілімдердің алдын алу және оларға қарсы әрекет етуді көздейтін Ұлттық жоспарында, ҚР Экологиялық кодексінде, сонымен бірге Солтүстік Каспий бойынша Өнім бөлісу туралы келісімде (СКӨБК) қарастырылған.

Дайындықтың қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Консорциум қарамағында стратегиялық нысандарда мұнай төгілімін жоятын өзіне тиесілі арнайы жабдықтың қомақты қоры бар. Төгілімдерді жою жөніндегі жоспарлар халықаралық эксперттік ұйымдар тарапынан мақұлданған.

Барлық өндірістік нысандар мен кемелер кемінде 1-деңгейлі төгілімдерге дайындық және оған қарсы әрекет ету талаптарына толықтай жауап беретін жабдықпен, онымен жұмыс істеуді және апатты жоюдың тиісті әдістерін үйренген персоналмен жабдықталған.

Консорциумның штаттық кестесінде сонымен бірге мұнай төгілімдерін жою мақсатында құралған 20 адамнан тұратын, толықтай оқытудан өткен арнайы топ бар. Арнаулы құралдармен, жабдықпен және персоналмен жабдықталған мұнай төгілімдерін жоюға жұмылдырылатын аталған арнайы топ Атырау мен Баутинде орналасқан (2-деңгейлі дайындық).

Баутин материалдық-техникалық жабдықтау теңіз базасында мұнай төгілімдерін жоюға арналған жабдықтың қоймасы, шеберхана және барлық қажетті жабдықтар, оның ішінде апатпен күресу үшін тез арада іске жұмылдырылатын бөгеуіш бондар, мұнай жинағыштар, кемелер мен контейнерлер орналасқан.

2010 жылы Консорциум Атырау облысы бойынша төтенше жағдайлар департаментімен бірлесе отырып 100-ден астам оқыту жаттығуларын, оның ішінде 3-деңгейлі төгілімдер бойынша оқытуларды өткізді. Бұл ретте, Консорциумның жоғары деңгейдегі дайындығы оқытуларға қатысқан Атырау облысы ТЖД бастығының орынбасары тарапынан ерекше аталып өтілді.

Ірі апат (3-деңгей) орын алған жағдайда бұл мақсатқа қарастырылған халықаралық персонал мен қосымша жабдықтар бар. Бұлар жоғары деңгейдегі әрекет ету амалдарын қамтамасыз етеді.

Апат жағдайында әрекет ету амалдарының жиынтығы сонымен қатар компьютерлік моделдеу және кез-келген апаттық жағдайды бақылап отыру мақсатында спутниктен қадағалау сияқты технологияларды қамтиды.

